

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

LITERARY STUDIES AND FOLKLORISTICS

FTAMP 17.01.07.

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss4pp151-166](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss4pp151-166)

***Ж.Б. Әділбекова¹, А.Ә. Үсен¹, М. Арслан², А. Жұмабекқызы¹**

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан

²Памуккале университеті, Денизли, 20980, Түркия

М. ӘУЕЗОВТІҢ «АМЕРИКА ӘСЕРЛЕРІ» ОЧЕРКІН МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ТАНЫМ ТӘЖІРИБЕСІ ТҰРҒЫСЫНАН ТАЛДАУ

Мақалада халқымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің 1960 жылы Америка Құрама Штаттарына барған сапарының негізінде жазылған «Америка әсерлері» жолжазба очеркі жанрлық және мазмұндық тұрғыдан жан-жақты талданады. Шығарма жазылған дәуірдің тарихи-мәдени мәнмәтіні, АҚШ сапарының мән-маңызы қарастырылады. Очерктің публицистикалық сипаты, жазушының деректілік пен көркемдік тепе-теңдікті сақтаудағы шеберлігі сипатталады. Әуезовтің Америка мәдениетін қабылдауы, қазақ халқының өз мәдени құндылықтарымен салыстыра суреттеуі нақты эпизод, мысалдар арқылы көрсетіледі. Зерттеудің өзектілігі – М.О. Әуезовтің мәдениетаралық қабылдауын қазіргі әдебиеттанудағы диалогтық үрдістермен байланыстыра қарастыруда. «Америка әсерлері» очеркін талдау арқылы Мұхтар Әуезовтің өзге елдің өмірін өз ұлтының таным-түсінігі тұрғысынан зерделеп, екі халықтың ортақ адамзаттық құндылықтарын табуға ұмтылған қайраткерлік ұстанымы айқындалады.

Зерттеу барысында очерк жанрының публицистикалық сипаты мен Әуезовтің авторлық стиль ерекшеліктері тарихи-мәдени мәнмәтін аясында зерделенеді. Сонымен бірге «Америка әсерлері» очеркіндегі мәдениетаралық қабылдаудың мәні мен Әуезов қаламына тән көркемдік ерекшелік туралы тұжырымдар жасалады. Зерттеу жұмысының жаңашылдығы – шығарманы сапарнама ретінде емес, публицистикалық қуаты мол мәдениетаралық ой-толғам үлгісі ретінде бағалауда. Зерттеу нәтижесінде очерктің тарихи деректілік пен көркемдік үйлесімі анықталып, жазушының әлем өркениетіне ұлттық тұрғыдан баға берудегі шеберлігі мен мәдениеттерді тоғыстыруға деген ұмтылысы айқындалды.

Кілт сөздер: Мұхтар Әуезов, «Америка әсерлері», жолжазба очерк, публицистика, мәдениетаралық коммуникация, авторлық стиль, тарихи мәнмәтін

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мақаланың негізгі ережелері очерк жанрының заман шындығын, қоғамның өзекті мәселелерін көркем-публицистикалық тәсіл арқылы жеткізудегі М.О. Әуезовтің шеберлігін айқындауға негізделеді. Очерктің жанрлық табиғаты мен теориялық шекаралары З. Қабдолов, Т. Кәкішев сынды қазақ әдебиеттанушылары тарапынан кеңінен зерттеліп, теориялық негіздері айқындалды.

Академик З.Қабдолов очеркті шағын әңгімеге жақын жанр ретінде сипаттайды. Ғалымның пікірінше, очерк қысқа көлемде өмірдің нақты шындығын, адам өмірінің бір сәтін шынайы кейіпкер арқылы бейнелейді, өткен емес, қазіргі заманның жаңа шындығына сүйеніп, өз дәуірінің үнін жеткізеді. Сондай-ақ, очерк беллетристика мен публицистиканың

сипаттарын қатар қамтитын, әрі әдебиетке, әрі баспасөзге ортақ жанр екендігін атап өтеді [1, 303-304].

Сонымен қатар Қазақ әдеби тілінің сөздігінде очеркке келесідей анықтама беріледі: «Очерк – болған оқиғаны қысқаша суреттейтін көлемі шағын, әдеби-публицистикалық шығарма» делінсе [2, 59], «Көркем очерк – өмірде болған істі баяндап, әдеби тілмен суреттеле жазылған шығарма екендігі айтылған [3, 341].

Бұл анықтамалар очерктің екіұдай табиғатын – бір жағынан зерттеу мен деректілікке, екінші жағынан көркемдікке негізделетін ерекшелігін аша түседі.

Очерк жанрында нақты өмірлік деректер әлеуметтік, қоғамдық тұрғыдан сараланып, публицистикалық үнмен баяндалады, бейнелі тіл арқылы оқырманға әсер ететін формада жеткізіледі. Очерктің деректілік сипаты – шындыққа негізделуінде, ал көркемдік сипаты – автор тілінің әсерлілігі мен баяндау шеберлігінде жатыр.

Осы теориялық негіздеме Мұхтар Әуезовтің «Америка әсерлері» очеркін талдаудың тірек қаңқасын құрайды. Біздің бастапқы болжамымыз М. Әуезовті «Америка әсерлері» очеркі деректі фактілерді (сапар маршруты, кездесулер, тарихи-мәдени нысандар) авторлық «меннің» лирикалық-интеллектуалдық рефлексиясымен ұштастырып, оқырманға әрі танымдық, әрі эстетикалық әсер береді; туынды мәдениетаралық коммуникацияның әдеби үлгісі ретінде қазақ әдебиетін әлемдік арнаға жақындатуға қызмет етеді. Бұл болжамды компаративистік, тарихи-салыстырмалы, мәтінішілік (интертекстуалдық) және лингвостилистикалық талдаулар арқылы тексереміз: очерктегі деректілік (факті, нақтылық, статистика) пен көркемдік (теңеу, метафора, бейнелі синтаксис) қабаттарының өзара әрекетін, авторлық баяндаудың публицистикалық пафосы мен эстетикалық көркемдігін салыстыра ашамыз. Әдіснамалық тұрғыдан алғанда, отандық іргелі еңбектерге (З. Қабдолов, Т. Кәкішев, Г. Пірәлі) және шетелдік бағалауларға (мысалы, Д. Киннің туындыны көп тілге аударуға лайық әдеби ескерткіш ретінде бағалауы) сүйенеміз.

Зерттеу барысында «Америка әсерлері» очеркі кеңестік-америкалық мәдени алмасу кезеңінің рухын деректілікпен жеткізе отырып, автордың бейімдеуші (адаптациялық) баяндау тәсілі арқылы бейтаныс өркениетті қазақ оқырманына жақын ұғымдармен түсіндірудегі шеберлігі сипатталады. Мақалада келтірілген дәлелдер мен мәтіндік талдау негізінде очерк жанрының теориялық қағидалары Әуезов мұрасында нақты эстетикалық пішінге айналатыны, «Америка әсерлері» деректілік пен көркемдіктің тең салмақты синтезі ретінде қазақ очерктануының үлгілі мәтініне айналғаны баяндалады.

КІРІСПЕ

Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің алып тұлғасы, эпикалық құлашты «Абай жолы» романы арқылы әлемге танылған жазушы. Халқымыздың тұрмысын, уақыт тынысын, ел тағдырын қаламына арқау еткен Мұхтар Әуезов – бірнеше жанрда еңбектенген қарымы кең қаламгер. Өмірінің соңғы жылдарында жазушының бірнеше шет елге сапар шегіп, өз әсерлерін жолжазба очерктер түрінде қалдырғаны белгілі. Мұхтар Омарханұлының туған өлкеміз бен алыс-жақын шет мемлекеттерге барған сапарлары оның шығармашылығына тың серпін беріп, жаңа тақырып пен идеялардың дүниеге келуіне себепкер болды.

Осыған орай зерттеудің негізгі мақсаты – Әуезовтің шетелдік сапары негізінде жазылған очерктік шығармасын талдау арқылы оның қазақ әдебиетін әлемдік арнаға қосудағы рөлін айқындау, жазушының дүниетанымы мен көркемдік көзқарасы арқылы қазақ әдебиетінің өрісін кеңейтуін көрсету, негізгі бағыты – оның публицистикалық мұрасының мазмұнын ашып, қазақ оқырманын әлемдік әдеби-мәдени кеңістікке жақындатудағы ықпалын зерделеу.

Әлем әдебиетінің алыптарының біріне айналған М. Әуезов өз шығармалары арқылы қазақ халқының тарихын, мәдениетін, ұлттық болмысын әлем қауымдастығына паш еткенін зерттеушілер жиі атап өтеді [4, 25]

Зерттеудің ғылыми маңызы – Әуезов мұрасын романист жазушы тұрғысынан ғана емес, публицист әрі мәдениетаралық байланысты қалыптастырушы тұлға ретінде қарастыруға мүмкіндік беруінде.

Негізгі нәтижелеріне тоқталсақ, Әуезовтің шетелдік сапарларынан туған очерктері қазақ оқырманын әлемдік әдебиет пен мәдениеттің үлгілерімен таныстырды. Әр елде зиялы қауыммен пікірлесуі оның мәдени делдал ретіндегі тұлғасын айқындады. Әсіресе, «Америка әсерлері» очеркі тарихи кезеңнің мәдени-рухани тынысын бейнелеп, жазушының замана шындығын терең сезіне алғанын дәлелдейді.

Осылайша, жүргізілген зерттеудің құндылығы – Әуезовтің шығармашылық мұрасын жаңа қырынан танытып, мұхтартанудың ғылыми аясын кеңейтуінде. Бұл еңбек қазақ әдебиеті тарихына қосымша деректер енгізіп қана қоймай, оның әлемдік әдебиетпен байланысын жан-жақты аша түседі. Ал зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы – алынған қорытындыларды қазақ әдебиеті мен мәдениеттану пәндерінде, университет дәрістерінде, арнайы курстарда пайдалануға, сондай-ақ қазіргі заманғы мәдени дипломатия тәжірибесінде қолдануға болатындығында.

Жазушы ұлттық кітапхана мен музейлерді аралап, саяси, мәдени шараларға қатысып, Америка қаламгерлері, зиялы қауым өкілдерімен жүздесті [5, 141]. Елге оралған соң сапар әсерін жинақтап, очерк жанрында көлемді шығарма жазуға кіріскен. Алайда жазушы кенет науқастанып, бұл туындының екінші бөлімі аяқталмай қалғаны мәлім [6, 14]. «Америка әсерлері» очеркі алғашқы бөліммен шектеліп, 1960 жылы 24 сәуірде «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды. Қазақ оқырманы бұл шығарманың толық нұсқасын тек жазушының 100 жылдық мерейтойында жарық көрген 50 томдық шығармалар жинағының 38-томынан оқуға мүмкіндік алған [7, 155]. «Америка әсерлері» – Әуезов өмірінің соңғы жылдары жазылған елеулі туындыларының бірі, Америка зерттеушісі Деннис Кин оны әлемнің көптеген тіліне аударуға лайық еңбек ретінде бағалайды [5, 8].

Мұхтартанушы ғалым Г. Пірәлі бүкіл адамзаттық ақыл-ой мен рухани құндылықтарды ұлт тағдырымен сабақтастыра білген, әлемдік деңгейде беделге ие болған ғұлама, ойшыл әрі дара тұлға М.Әуезовтің өркениетті елдерді танып-білуі мен оларды өзгеге танытуы ерекше тағылымдық мәнге ие құбылыс екендігін негіздейді [8, 143].

Әуезов шығармашылығы арқылы қазақ әдебиетін әлемдік арнаға жақындатты деуге болады. Жазушы түрлі елдер жайлы жазғанда, сол жұрттың әдебиеті мен өнеріне, ғылымына арнайы тоқталып, қазақ оқырманына олардың жетістіктерін түсіндіруге күш салған. Мысалы, Үндістанда кемеңгер жазушы үнді поэзиясын, мұсылмандық шығыс мұраларын сөз етсе [9, 49], Жапонияда жапон дәстүрі мен тарихын [3, 299], ал Америкада Америка әдебиетінің алыптарын (У.Уитмен, М.Твен, Э.Хемингуэй, т.б.) тілге тиек етеді [10, 155]. Әр елде Әуезов сол жердің зиялы қауымымен пікірлесіп, мәдени диалог орнатады: Делиде жергілікті жазушылармен сұхбаттасып, Токиода әлем қаламгерлері алдында сөйлеп, Нью-Йоркте журналистердің сауалдарына жауап береді. Осындай кездесулерде Мұхтар Омарханұлы қазақ әдебиетінің жетістіктерін әңгімелеп, Абайды, өзге де қазақ классиктерін таныстырудан жалықпағаны байқалады. Әуезов 1950-жылдары Үндістан, Жапония, АҚШ сияқты шет елдерге барған сапарларынан туындаған жазбаларында жазушы өзге ұлт мәдениеті мен дүниетанымына сындарлы көзқараспен қарап, салыстырмалы таным тұрғысынан қазақ оқырманына тың ойлар ұсынды. Мұхтар Әуезовтің очерктік шығармалары әдебиет пен журналистика тоғысында дүниеге келіп, тарихи-мәдени таным мен суреткерлік шеберліктің үлгісіне айналды.

1960 жылдың ақпан-наурыз айларында Әуезов кеңес жазушылары делегациясы құрамында Америка Құрама Штаттарын аралап қайтып, мұхиттың арғы бетінде көрген-білгендерін осы очеркке өзек еткен. Бұл сапар «Хрущев жылымығы» деп аталған тарихи кезеңде, КСРО мен АҚШ арасындағы мәдени, ғылыми байланыстар жандана бастаған уақытта жүзеге асқан еді [5, 4].

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу барысында негізгі талдау нысаны ретінде Мұхтар Әуезовтің «Америка әсерлері» очеркі алынды. Бұл туынды жазушының АҚШ-қа барған сапары нәтижесінде қалыптасқан мәдениетаралық көзқарастарын, қоғамдық өмірге қатысты ой-тұжырымдарын және екі ел айырмашылықтарын бейнелейді. Зерттеу жұмысын жан-жақты қамтамасыз ету үшін негізгі очерк мәтінімен қатар бірқатар қосымша дереккөздер де тартылды. Ең алдымен, жазушының 50 томдық шығармалар жинағында сақталған күнделіктері мен жолсапар жазбалары қарастырылып, «Америка әсерлері» очеркімен идеялық және фактілік тұрғыдан салыстыра талданды. Сонымен бірге Мұхтартану саласының жетекші өкілдері – Г. Пірәлі, М. Әбіш және басқа да зерттеушілердің еңбектері жазушының көзқарасын, шығармашылық эволюциясын және публицистикалық стиль ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Аталған талдауды толықтыру мақсатында шетелдік әдебиеттанушылардың пікірлері, әсіресе Д. Киннің Әуезов шығармашылығына берген бағасы пайдаланылды. Бұл еңбектер жазушының халықаралық деңгейдегі қабылдануын анықтауға көмектесті. Сонымен қатар XX ғасырдың 60-жылдарындағы кеңес–америкалық мәдени алмасу тарихына қатысты еңбектер қолданылып, очерктің жазылған кезеңінің тарихи-фондық жағдайы нақтыланды.

Очерктің жанрлық табиғатын ашу үшін публицистика мен очерк жанрына арналған теориялық еңбектер де назарға алынды. З. Қабдолов пен Т. Кәкішевтің ғылыми пайымдары мәтіннің көркемдік-публицистикалық ерекшеліктерін жүйелі түсіндіруге мүмкіндік берді. Осы дереккөздердің барлығы зерттеудің теориялық негізін кеңейтіп, очеркті көпқырлы мәдени-әдеби құбылыс ретінде қарастыруға жағдай жасады. Бұл материалдар зерттеудің теориялық базасын күшейтіп, очерктің мазмұнын кең аяда, сол кезеңнің нақты тарихи контекстімен сабақтастыра қарастыруға мүмкіндік берді.

Әдіснамалық негіз бірнеше ғылыми тәсілдерге сүйенді. Компаративистикалық әдіс арқылы Әуезовтің Америка өркениетін қазақ мәдениетінің құндылықтар жүйесі арқылы қалай қабылдағаны, оның мәдениетаралық ойлау ерекшелігі айқындалды. Тарихи-салыстырмалы талдау жазушының сапар барысында көрген ортасы мен сол дәуірдегі АҚШ-тың әлеуметтік-саяси жағдайын салыстыруға, очеркте көрініс тапқан деректілік элементтерді нақты тарихи материалдармен қатар қарастыруға мүмкіндік берді.

Интертекстуалдық талдау арқылы очеркте кездесетін әлем әдебиетінде жасалған мәдени кодтарды, әдеби аллюзияларды анықтауға бағытталды. Бұл тәсіл Әуезовтің Америка әдеби дәстүрімен мәдени және рухани үндестікті ашуға көмектесті. Лингвистикалық талдау жазушының тілдік-стистикалық шеберлігін, публицистикалық және көркемдік элементтердің табиғи бірігуін, эмоциялық реңк пен бейнелі ойдың құрылымын айқындады. Сонымен бірге контент-талдау мәтіндегі тұрақты концептілерді, қайталанатын тақырыптық өрнектерді, мәдениетаралық диалогты білдіретін терминдер мен образдарды жүйелі түрде анықтауға мүмкіндік берді.

Берілген әдістердің барлығы өзара байланысты түрде қолданылып, зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келді. Кешенді талдау нәтижесінде «Америка әсерлері» очеркі тек сапарнама жанрына тән шығарма ғана емес, сонымен қатар қазақ әдеби жәдігерінің әлемдік өркениетпен байланысын көрсететін маңызды мәдени-әдеби құжат екені анықталды. Жазушының жаңа қоғам, жаңа өркениет, адам мінезінің өзгеруі, рухани ізденіс пен мәдени диалог туралы пайымдары кең тарихи-мәдени контексте қарастырылып, оның мәдениетаралық коммуникацияны көркем жеткізудегі шеберлігі жан-жақты сипатталды.

НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеуші ғалым М. Шындалиева Мұхтар Әуезовтің публицистикалық мұрасындағы очерктері жеткілікті зерттелмей келген қыры екенін атап көрсетеді. Оның пікірінше, жазушы

очерктерінің күрделі даму жолы мен публицистикалық шеберлігінің қалыптасу кезеңдері арнайы талдауды қажет етеді. Әрбір очеркі өз дәуірінің өзекті мәселелерін көтеріп, қазақ халқының мұң-мұқтажын бейнелеуге арналған. Әуезов очерктің барлық түріне қалам тартқанымен, әсіресе жолсапарлық, проблемалық, портреттік және оқиғалы очерктері мазмұн тереңдігімен ерекшеленетіндігіне тоқталады [11, 194].

Мұхтар Омарханұлының жолжазба еңбектерінде деректілік пен әдеби бейнелеу көркем өріліп, шетелдік және қазақ болмыс арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтар көрініс табады.

Жазушы үшін Вашингтон сапарының маңызды оқиғасы Шекспир кітапханасын көру еді. Әуезов Уильям Шекспир пьесаларын қазақ тіліне аударған тұңғыш драматургтердің бірі болатын, сондықтан әлемдегі ең бай Шекспир мұралары жинақталған кітапханада өз аудармаларының да сақталғанын көру жазушыға айрықша қуаныш сыйлады [5, 46]. Бұл оқиға жазушы санасында қазақ және әлем әдебиеті арасындағы рухани байланыстың бекем екенін тағы бір аңғартқандай. Тарихи тұрғыдан алғанда, М.О. Әуезовтің бұл сапары – қазақ жазушысының батыс әлемін өз көзімен көріп, екі елдің мәдениетімен салыстыра танысуының бірегей тәжірибесі.

Әдебиеттанушы ғалым Г. Пірәлі М.Әуезовтің шығармашылық табиғатына тоқталып, оның әр сапардан алған әсерін ұмытпау үшін шағын ой-түйіндер түрінде түртіп қоятынын, кейін сол қарапайым жазбалардың «түймедей ойдың кейін тарам-тарам толғаныстарға, ірі-ірі тарауларға» айналғанын атап өтеді. Зерттеушінің пікірінше, қаламгердің осы шығармашылық тәсілі – оның өмірбаяны мен еңбектерінде айрықша мәнге ие тағылымдық қыры [8, 37].

Сондай-ақ, зерттеушілер М. Әуезовтің шығармашылығы қуатты эмоциялық реңк, поэтикалық әрі лирикалық өрнек, образдардың ерекше икемділігі, түстер мен кейіпкерлердің, сезімдердің қарама-қайшылығынан тұратынын атап өтеді [12, 130].

1-кесте. Зерттеу мазмұны мен алынған нәтижелер сипаттамасы

№	Мазмұндық бағыт	Қолданылған әдіс	Негізгі нәтиже
1	Очерк жанрының деректілік сипаты	Тарихи-салыстырмалы талдау	Әуезов деректер мен көркем бейнелерді қатар пайдаланып, тарихи шындықты дәл жеткізгені анықталды.
2	Авторлық «мен» және публицистикалық баяндау	Лингвостилистикалық талдау	Әуезов тілі эмоциялық реңкке бай, публицистикалық үн мен көркемдік тепе-теңдігі сақталған.
3	Мәдениетаралық қабылдау ерекшелігі	Компаративистикалық әдіс	Америка және қазақ мәдениеттерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары салыстырылып, мәдени диалогтың көркем үлгісі анықталды.
4	Шығарманың жалпы мәдени маңызы	Интеграциялық және герменевтикалық тәсіл	Очерктің көркемдік маңызы мен екі ел арасындағы әдеби, мәдени көпір рөлін атқарғаны дәлелденді.

Кестеде зерттеу жұмысының негізгі мазмұндық бағыттары мен оларға сәйкес қолданылған ғылыми әдістердің өзара байланысы көрсетілді. Әр бағыт бойынша алынған нәтижелер зерттеу мақсатына сай нақты ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы – Мұхтар Әуезовтің «Америка әсерлері» очеркін жаңа қырынан, мәдениетаралық коммуникация және ұлттық әдеби дүниетаным тұрғысынан қарастыруында. Бұған дейін очерк көбіне жазушының шетелдік сапар әсері ретінде сипатталып келген болса, бұл жұмыста оның мазмұндық құрылымы мен көркем-публицистикалық ерекшелігі кешенді түрде талданды. Зерттеу барысында М. Әуезовтің шетел мәдениетін ұлттық ділмен салыстыра бейнелеу тәсілдері мен тілдік-стилистикалық әдістері баяндалды.

Ғылыми тұрғыдан бұл зерттеу қазақ публицистикасының жанрлық дамуы мен мәдениетаралық диалог тақырыбына қосылған маңызды үлес болып табылады. М.О. Әуезов туындысының қазақ әдебиетіндегі өзіндік ерекшелігі айқындалды. Сондай-ақ, зерттеу

нәтижесінде жазушының гуманистік және интермәдени көзқарасы қазақ әдебиетіндегі жаңа эстетикалық деңгей ретінде қарастырылды. Бұл тұжырымдар әдебиеттану ғылымының теориялық және әдіснамалық бағыттарын байыта түседі.

Практикалық маңызы – зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Журналистика және публицистика негіздері», «Мәдениетаралық коммуникация» пәндерінде оқу-әдістемелік материал ретінде қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелері отандық әдебиет пен мәдениеттің жаһандық өркениеттегі орнын айқындауға және қазақ публицистикасының әлемдік деңгейде бағалануының ғылыми негізін күшейтуге үлес қосады.

ТАЛҚЫЛАУ

Мұхтар Әуезовтің «Америка эсерлері» жанр тұрғысынан – жолжазба очерк, сапарнама сипатындағы публицистикалық шығарма. Жазушы бұл еңбегінде деректі материал мен өз ой-толғамдарын шебер астастыра отырып, оқырманға жаңа әлемді таныстыруды мақсат етті. Очерктің кіріспе бөлімінде-ақ оқырмандарға арнайы үндеу жолдап, өзінің жазу мақсатын айқын атап өтеді. Автор ең алдымен: «...өзіміздің ардақты оқушылар алдында үш түрлі жайдан өтініп алу мақұл деп білдім» дейді [5, 124]. Біріншіден, ол АҚШ туралы отандастары білетін жайттарға өзі көрген-білгенінен аз да болса үстеме мағлұмат қосу ниетін білдіреді. Яғни, очерк міндеті – қазақстандық оқырманның дүниетаным көкжиегін кеңейту, Америка туралы кеңес адамының біліміне үлес қосу. Екіншіден, Әуезов алдын ала ескертеді: «менің бұл жазатыным тек көзбен көргеннен алған тікелей эсерлер ғана» [5, 124], яғни ол кәсіби саяхатшы емес, жан-жақты зерттеу жүргізген географ не саясаткер де емес екенін ашып айтады. Мұнысы – өз очеркін саяхатнама жанрына телімей, жүректен шыққан шынайы эсерлер жинағы екенін ұқтыру.

Яғни, мұншалық күрделі ел туралы үстірт пікір айтудан автор саналы түрде бойын аулақ ұстайды. Әуезов өзінің қаламгерлік жауапкершілігін және публицист ретінде объективтілік қағидатын ұстанатынын көрсетеді.

Демек, Мұхтар Омарханұлы очерк арқылы Кеңес Одағы оқырмандарына алыстағы Америка жөнінде түсінікті, шынайы, эсерлі суреттеме ұсынуды көздеді. Публицист-жазушы ретінде фактіге негізделген шындықты баяндай отырып, соның ар жағындағы кең мағыналы құбылыстарды ашуға ұмтылады. Мәселен, жазушы Вашингтондағы көрген-білгендерін тізе бермей, солардың арасынан ең елесі күшті оқиғаларды іріктеп алады: Конгресс кітапханасындағы кездесу, телесұхбат, Шекспир кітапханасы, т.б. Бұл оқиғалардың әрқайсысы белгілі бір идеяны меңзейді – қазақ жазушысының әлемдік мәдениеттегі орны, америкалық қоғамның демократиялық қырлары, жаһандық өркениеттің жетістіктері мен қайшылықтары. Очерк қарапайым сапар хаттамасы деңгейінен көтеріліп, публицистикалық-аналитикалық очерк дәрежесіне жетеді.

Очерк жанрының бір ерекшелігі – автордың «мені» айқын сезіліп тұрады, яғни баяндаушы өз атынан сөйлеп, оқырманмен тікелей сырласады. Автор кейде аудиторияға қайырыла сөйлеп, «оқушыға ескерте кететін жай...» деп бастайды не бір мәселеге өзіндік пікір қосады [5, 125]. Мысалы, Нью-Йорк туралы сөзінде «адамзат цивилизациясы жиырмамыншы ғасырдың орта кезінде осылайша қалыптастырған анық мәдениеті зор, зәулім алып қала – осы» [5, 137], - деп, ой түйеді. Бұл – авторлық «меннің» тамшыдай көрінісі, яғни Әуезов өз эсерін оқырманмен бөлісіп қана қоймай, қорытынды жасап, баға береді. Сол арқылы Америка мегаполисін прогресс шыңы ретінде сипаттайды, мұны да даурығып емес, сабырлы, байыпты үнмен баяндайды. Мұндай тәсіл публицистикалық очеркке тән автор мен оқырманның сұхбаттастығын көрсетеді.

«Америка эсерлерінде» заманның көкейкесті саяси-әлеуметтік мәселелері көрініс табады. Әуезов бірқатар жайттарды оқырманға сол қалпында жеткізе отырып, салыстырмалы пайым жасауға итермелейді. Яғни очерк авторы ашық пікір айтып насихаттамайды,

керісінше, өмір шындығын көрсетіп, бағасын оқырманның таразысына қалдырады, бұл – публицистикалық бейтараптық пен объективтіліктің белгісі.

Жалпы, «Америка әсерлері» – деректері мол, танымдық маңызы зор туынды. Зерттеушілердің пікірінше, Әуезов бұл туынды арқылы қазақ оқырмандарына Америка жайлы шынайы бейне ұсынып қана қоймай, қос мемлекет арасындағы өзара түсіністікке дәнекер болуды да көздеген. Әуезов өзіне дейінгі кеңестік штамптарды қайталамай, АҚШ өмірінің шындығын боямасыз көрсете білді, бұл – оның публицистік батылдығы. Мысалы, жазушы «Совет әдебиеті өкілдеріне арналған қырыс-теріс қабақ та байқала қойған жоқ» деп, сапар барысында ешқандай қырын қабақ немесе суық қарым-қатынас көрмегенін атап өтеді [5, 130]. Американың күнделікті өмірде қарапайым, қонақжай, мәдениеті жоғары ел екеніне көз жеткізеді.

Сол заманғы ресми насихат Америка қоғамын жат, агрессивті орта етіп көрсетуге тырысатын. Әуезов осы қалыптасқан сыңаржақ пікірді өзінің көрген деректерімен толықтырып, түзету енгізгендей болады.

Мұхтар Әуезовтің Америкаға барған сапардан алған әсері сырт көз туристік әсер емес, терең мәдениеттанымдық тұрғыдағы қабылдау болды. Жазушы бұрын өзіне бейтаныс Америка өркениетін өз халқының санасындағы ұғымдармен салыстыра саралайды. Очеркте Әуезовтің Америка мәдениетін қалай көріп-түйсінгені және оны қазақ қоғамының құндылықтарымен үйлестіре әрі салыстыра пайымдағаны анық байқалады. Әуезов Америка халқына, мәдениетіне зор қызығушылықпен қарайды.

Әуезов Америка мәдениеті мен тұрмысын суреттегенде, үнемі оны өзі туып-өскен қазақ ортасымен не жалпы кеңестік өмірмен ойша салыстырып отыратыны байқалады. Бұл салыстыру көп жағдайда ішкі, имплицитті түрде жүреді. Жазушы тікелей «бізде бұлай, оларда осындай» деп ашып айтпаса да, әр суреттеуінде астарлы түрде қос мәдениеттің ерекшеліктері жанаса сезіледі. Мәселен, Нью-Йорк қаласын сипаттағанда, оны адамзат өркениетінің шыңы ретінде бейнелейді: зәулім ғимараттар, қайнаған қозғалыс бұның бәрі қазақ оқырманына мүлде бөлек әлем екенін жазушы түсінеді. Сондықтан жазушы Нью-Йоркты ертегідегі алыпқа теңейді, XX ғасыр ортасында осындай орасан мәдениет ордасы қалыптасқанын таңданыспен тілге тиек етеді. Яғни, Америка мегаполисін мадақтау арқылы қаламгер өз халқына дамудың мүмкін болар үлгісін көрсетеді.

Әуезов стилінің басты ерекшеліктерінің бірі – образды, астарлы суреттеу. Ол қарапайым ақпаратты суретке айналдырып жібере алады. Жазушының мәдени қабылдауындағы маңызды әдістің бірі – ұқсастықтар іздеу. Бейтаныс елдегі контраст, айырмашылықтар қанша жерден көп болса да, Әуезов әр құбылыстың артынан өзіне таныс дүние тауып отырғандай. Мәселен, Нью-Йорктың Идлвайльд (Idlewild) әуежайына алғаш қонғанда, автор ең алдымен оның атауына назар аударады: «Айдл-Уайлдың аты да қазақ құлағына өзінше ойда жоқта қызық естіледі. Сөз мәнісі үйлеспесе де, сыртқы дыбыс бойынша естілу қалпында Айдл-Уайл – айдың ауыл тәрізді естіледі. Ал сөздің мәніне қарағанда бұл бір есіз алаң деген ғана жер аты екен» деп, қазақшаға «Айдың ауылы» деп аударып көреді [5, 127]. Бөтен сөзді қазақшаға бұрып, мағына іздеуі жазушының бейсаналы түрде де Америка ақиқатымен өз тілдік әлемі арқылы байланыс орнатуға тырысқанын көрсетеді.

Тағы бір мысал – Нью-Йорктың түнгі көрінісін жазушы отты жұлдыздар шашылған аспанға немесе ертегідегі алыптарға ұқсатады.

Сондай-ақ, әуежайдың орасан зор көлемін көргенде Әуезов оның көрінісін оқырманның көз алдына елестету үшін теңеуді туған табиғатынан алады, ұшақтарды теңіз түбіндегі әртүрлі балықтар мен алып жайындарға теңейді. Олар да бір-біріне жақындап, кейде кішілері жүйткіп өтіп, ірілері қалыңқырап тоқтап қалғандай болады. Бір сәт үнсіз қозғалып, қайтадан алға ағылғандай әсер береді. Сол арқылы жазушы ұшақтардың қимыл-қозғалысын теңіз астындағы тіршіліктің тылсым әлеміне ұқсата сипаттайды [5, 127].

Бұл жерде жазушы Америкадағы жаңа техникалық ортаны түсіндіру үшін өзі білетін табиғи дүниені – теңіз әлемін мысал етеді. Әуезов америкалық шындықты қазақы танымға

жақын образдар арқылы қабылдап бейнелейді. Бұл тәсіл мәдениетаралық коммуникациядағы адаптация (бейімдеу) деуге келеді, өзге мәдениеттің элементтерін өз мәдениетінің ұғымдарына жанастырып көркемдеу.

Мұнда типтік Әуезовтік бейнелеу бар: жансыз техникаға жан бітіріп, ұшақты балыққа, әуежайды айлы ауылға теңеу жазушы қиялының байлығын, метафора жасау қабілетін көрсетеді. Мұндай әдеби тәсілдер очерктің публицистикалық мазмұнын эстетикалық ләззат берер көркем шығарма деңгейіне көтеріп тұр. Оқырман жаңа мәлімет алып қана қоймай, көркем әдебиет оқығандай әсер алады.

Америка туралы жолжазбасында Әуезов ерекше сөз қолданыстарын ұсынғанын әдебиетші ғалым Қ. Мәдібаева да алға тартады. Әуезовтің синагоганы «намазжай» деп атауы, «ірікшітеу», «ымырат» сияқты қазір қолданыстан шыққан сөздерді қолданғанын атап өтеді. Нью-Йорктің зәулім үйлерін «адамзат цивилизациясының сан алуан сеңгірлері» ретінде сипаттап, Манхеттенді XX ғасырдың «аспанға таспен жазылған поэмасына» теңегенін атап өтеді [13].

Сонымен бірге жазушы америкалық мәдениеттегі адамгершілік, рухани ұқсастықтарды іздейді. Нью-Йоркте Әуезовтің кездесуінде болған әйгілі ақын Лэнгстон Хьюз – қазақ сапаршыларын құшақ жая қарсы алған [5, 59].

Әуезов Америка қоғамының жетістіктерін де, кей кемшіліктерін де әділеттілікпен қабылдайды. Жазушы АҚШ-тың озық техникасына, қала мәдениетіне, ғылым мен өнердегі табыстарына үлкен құрметпен қарайды. Мысалы, очеркте Американың мәдени көздері мен өнер түрлеріне егжей-тегжейлі талдау жасайды және автор олардың дамуына білгірлікпен баға береді [5, 135]. Әуезовтің әлемдік мәдениет тарихынан хабардар энциклопедист ғалым екенін де танытады.

АҚШ-тың кемшіліктерін де Әуезов жасырмайды, бірақ сынағанда да әділ өлшеммен қарайды. Мәселен, Нью-Йоркте көрген «Bucket of Blood» атты фильмдегі азғындық көріністер жазушыны шошытады, оны моральдық құлдырау нышаны деп бағалап, кеңес қоғамында мұндайға жол берілмейтінін айтады [5, 147-148].

Очерктегі ерекше көңіл аударар тақырып – табиғатты қабылдау. Қазақ даласының перзенті Әуезов үшін кеңістік пен табиғат құбылыстары жат емес, жанына жақын тақырып. Америка сапарында Мұхтар Омарханұлы табиғат ескерткіштерін көргенде қатты әсерленген. Соның бірі – Гранд Каньон (Үлкен шатқал). Аризона штатында Әуезов әйгілі Үлкен Каньонның жиегіне барып, тұңғыш табиғат ғажабын көзбен көрді [5, 87]. Жазушының табиғатқа сүйсінуі, оны көркем образбен жеткізуі қазақтың кең табиғатын суреттегендегі мәнерін еске түсіреді. Зерделі суреткер Йосемит орманындағы секвойяларды көргенде де толқыды, олардың алыптығын түйсіне отырып, мүмкін іштей Шыңғыстаудың қарағайлы ормандарымен салыстырып та кеткен болар [5, 6].

Зерттеушілердің пікірінше, Мұхтар Әуезов – ойдың тереңіне үңіле алатын, мәнін түсінетін және әрбір адамның жүрегінен Отанын іздейтін тұлға [14, 7].

Жалпы, Әуезовтің Америка мәдениетін қабылдауы синтездік сипатта болды деуге болады. Өз көзімен көрген батыс өркениетінің барлық саласын – саясат, экономика, техника, тұрмыс, өнер, ғылым, табиғат – тұтас бір өрім ретінде қарастырады. Мұны қазақ қоғамындағы бейнемен салыстырып отырады. Бұл салыстыру арқылы екі алшақ әлемнің өзара ұқсас қырларын да, ерекшеліктерін көрсетеді. Мысалы, ғылым мен білім саласында Әуезов Американың озықтығын айта отырып, қазақ ғалымдарының да еңбегі еленіп жатқанын атап өтеді: Колумбия университетіндегі қазақ эпосына арналған зерттеуді үлгі етеді [5, 142]. Шынында, Әуезов очеркі бір ұлт мәдениетін екінші ұлтқа қарсы қоймайды, керісінше, екеуін салыстыра отырып, екеуіне ортақ адамзаттық құндылықтарды алға тартады. Достық, қонақжайлық, өнерге құрмет, білімге құштарлық, табиғатқа сүйіспеншілік, міне, қазақ пен америка қоғамының ұштасатын тұстарын Әуезов өз сапары барысында айқын сезеді және оны шығармасына астарлап енгізеді. Сол себепті «Америка әсерлері» – нағыз мәдениетаралық коммуникацияның әдеби үлгісі.

Мұхтар Әуезовтің қаламгерлік қуаты оның қай шығармасында болмасын айқын аңғарылады, ал «Америка әсерлері» очеркінде жазушының шеберлігі публицистикалық жанрда жаңа қырынан көрінеді. Бұл очеркте автор деректі оқиғаларды суреттей отырып, оларға ерекше әдеби әр беріп, көркем бейнелеу тәсілдерін қолданған. Зерттеушілер Әуезовтің стилін сипаттағанда жиі айтатын «мың бояудың той-тоғысы» атты метафора бұл шығармаға да дәл келеді, жазушы баяндауларында тіл өрнегінің сан алуандығы, суреттеу құралдарының байлығы көзге түседі [6, 14].

Ең алдымен, очерктің тілі жатық әрі оқырманға түсінікті. Әуезов ұзақ, күрделі сөйлемдерден гөрі қысқа да нақышты тіркестермен ойды жеткізеді, ауызекі сөйлеу мәнері мен әдеби тіл үйлесім тауып отырады. Көп тұста автор тікелей диалог немесе өз атынан алғашқы жақта баяндау арқылы шығарманы жандандырып отырады. Мәселен, «Біз қарлы, жауын-шашынды әлі қысы аяқталмаған Вашингтон, Нью-Йорк тұрған Атлант теңізі жағасынан бұл мемлекеттің маужыраған жылы жағы – Тынық мұхит жағасындағы Калифорния штатына ұшуға беттедік. Алдымыздағы ендігі біздің көңіл қиялымызды тартқан үлкен қала – Лос-Анжелос» деген секілді сөйлемдер арқылы оқыrmанды сапар желісіне тартып, бірге ертіп әкетеді [5, 162]. Бұл әдіс – очерк жанрының талаптарынан туындағанымен, Әуезовтің табиғи жазу мәнерімен жақсы қабысып тұр. Себебі жазушы эпикалық романында оқырманмен психологиялық байланыс жасауды шебер меңгерген еді, сол әдісті деректі материалға қолданған.

Г. Пірәлі жазушының жолжазбаларында көркемдік, этнографиялық, тарихи-танымдық сипаттаулармен бірге қоғам қайраткерлерінің еларалық қызметі суреттелетінін айтады. Оның ойынша, бұл еңбектердің әдеби-публицистикалық мәнін оқырманға таныстырудың маңызы зор [8, 142].

Жолжазбалардың тағы бір қыры – ғылыми-танымдық стиль элементтерінің пайдаланылуы. Әуезов әр елге бармастан бұрын мол мағлұмат жинап, энциклопедияларды ақтарып, сапар барысында да бейтаныс құбылыстардың мәнін сұрап-біліп отырғаны байқалады. Сондықтан оның очерктерінде тарихи даталар, статистикалық сандар, географиялық, мәдени деректер мол ұшырасады. Автор бұл мәліметтерді шығарманың табиғи бөлшегіне айналдырып, оқыrmанның білім көкжиегін кеңейтуді мақсат тұтқан. Айталық, «Америка әсерлерінде» АҚШ-тың білім жүйесі мен баспасөзіне қатысты деректер нақты цифрлармен, фактілермен беріледі [5, 150]. Бұл оның жолжазбаларын тек әдеби туынды ғана емес, сол заманның бірегей танымдық құжаты деңгейіне көтереді. Зерттеуші Т.Есембеков атап өткендей, сапарнама жанрының ерекшеліктерінің бірі – автордың шығармашылық ізденіс тарихын нақтылау, құнды деректер беру және суреткердің шығармашылық лабораториясының кей сәттерін ашу [15, 44]. Әуезовтің жолжазбалары осы талаптардың үдесінен шығады, жазушының өмірбаяндық белестері туралы қызықты мәліметтермен құнды, әрі оның әдеби-қоғамдық көзқарастарынан да сыр шертеді.

Жазушы стилінің тағы бір қыры – эмоциялық реңкті шебер беру. Әуезовтің Америкаға келгендегі таңданысы, қуанышы, кей сәттегі толқуы мен толғанысы – барлығы шығармадан сезіліп отырады. Мысалы, жоғарыда келтірілген Гранд Каньонды көргендегі әсері: ол шатқал сұлулығына «қайран қалып» айран-асыр болады [5, 88]. Бұл сөз тіркестерінен автордың жүрек толқынысы анық білінеді. Сол сияқты автордың Нью-Йоркте биік ғимарат төбесінен қарағандағы көңіл күйі, Вашингтонда Шекспир кітапханасында тұрғанда көңілін кернеген мақтанышын жасырмай, нәзік лиризммен жеткізеді. Оқырман да жазушының сол сәттегі сезіміне ортақтасып, бірге қуанып, бірге таңырқап отырады. Бұл – очерктің оқырманға эмоциялық әсерін күшейтетін стильдік ерекшелік.

Әуезовтің тілі нақты, айқын. Мұхтар Омарханұлы оқыrmанды дерекпен жалықтырып алмау үшін сандар мен атауларды да көркем мәнмәтінде бере біледі. Мәселен, очеркте Америка қалаларының аты, көрген жерлері аталады: Вашингтон, Нью-Йорк, Аризона, Лос-Анджелес, т.б. бірақ әр атауға қысқаша мінездеме қосып кетеді (Вашингтон – жауын-шашынды суық қыс әлі кетпеген қала, Калифорния – маужыраған жылы штат деп сипаттайды). Сол арқылы жай географиялық ақпарат емес, әр мекеннің өзіндік болмысын

сездіруге тырысады. Бұл да автордың жазушылық машығын деталь арқылы характер беруді көрсетеді.

«Америка әсерлерінде» публицистикалық баяндау мен көркем баяндау қатар өрілген. Бір жағынан, автор ресми тұлғамен кездесу өткені, пәлен музейді аралағаны сияқты фактілерді хабарласа, екінші жағынан, сол ортада туған әсерлерін көркем тілмен кестелейді. Мысалы, Вашингтонда өткен баспасөз конференциясында болған диалогтерді келтіріп, Пастернак жайлы сұрақты қалай өткір қойылғанын жазады [5, 60], бұл публицистикалық элементтің көрінісі. Бірақ содан соң Әуезовтің өз жауабын сипаттағанда, оған әдеби бояу береді: кеңес дипломаты Полянскийдің әзілін, өзінің тапқырлығын қосып, шағын оқиға етіп шығарады [5, 131]. Осындай әдіс оқырманды ресми ақпардан жалықтырмай, қызықтырып отырады.

Әуезов өзінің әдеби кейіпкер ретіндегі бейнесін де сомдайды, очерктің ішінде «Әуезов» образы бар. Шығармада америкалықтардың Әуезовті жатсынбай, өз қоғамындағы білімді, беделді тұлға бейнесінде қабылдағаны көрінеді. Автор өзіне сырт көзбен қарауды да ұмытпайды, оқырманға америкалықтардың пікірін, әсерін жеткізу арқылы жанама түрде өзінің беделін, образының қабылдануын да байқатады. Бұл әдіс шығармаға көпқырлылық береді, Әуезовтің көзімен Америка ғана емес, Америка көзімен Әуезов деген астарды да көрсетеді.

Тұтас алғанда, «Америка әсерлері» очеркі – көркем-публицистикалық стильдің тамаша үлгісі. Мұнда публицистикаға тән нақтылық пен әдебиетке тән бейнелілік үйлесім тапқан. Жазушының авторлық «мені» шынайы қалпында көрініп, оқырманға ашық сыр ашады. Сондай-ақ, Әуезов стилінің ең құнды тұсы – оның гуманистік пафосы осы шығармада айқын көрінеді. Очерк барысында автор ашық үндеулер жасамайды, бірақ әр жолынан адамзатқа ортақ мәдени құндылықтарға деген сүйіспеншілік сезіліп тұрады. Америка жерінде жүріп, адам баласы ақыл-ойының, өнерінің, табандылығының нәтижелеріне сүйсінеді, мейлі ол асқақ қала, алып көпір, не өнер туындысы болсын, бәрінен адамзаттың ұлылығын көреді. Әуезов қаламының гуманистік бағыты да осы: жат елдің жақсысын көре білу, бағалай білу, құрметтей білу. Бұл – нағыз мәдениет иесі, көркем ойдың иесі көрсете алатын қасиет.

Қорыта айтқанда, Мұхтар Әуезовтің «Америка әсерлері» – жазушының авторлық стилін жаңа қырынан танытқан, саяхат очеркі жанрында жазылса да, көркемдік деңгейі жоғары шығарма. Онда әдебиет пен публицистика шебер бірігіп, оқырманға тарихи маңызды кезеңнің рухын, америка мен қазақ мәдениетінің өзара байланысын әсерлі жеткізеді. Әуезов стилінің байлығы мен ойының тереңдігі очеркте айқын көрінеді, бір жағынан энциклопедист ғалымның білімділігі, екінші жағынан суреткердің қиялға бай, сезімтал жүрегі қатар сезіледі. «Америка әсерлерін» репортаж ретінде емес, әдеби ескерткіш ретінде де бағалағанымыз дұрыс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мұхтар Әуезовтің «Америка әсерлері» очеркі – қазақ әдебиетінде ерекше орын алатын туынды. Жазушының Америка Құрама Штаттарына жасаған бір айлық сапарының көркем шежіресі ғана емес, сол дәуірдегі екі саяси-мәдени жүйе арасындағы рухани көпір қызметін атқарған шығарма.

Ең алдымен, очерктің пайда болуына ықпал еткен тарихи жағдай 1960 жылғы кеңес-американ мәдени алмасу кезеңі оның мазмұнында айқын бейнеленгені анықталды. Әуезов кеңес жазушылары делегациясының мүшесі ретінде АҚШ-ты аралап, суық соғыс жағдайында екі халықтың бірін-бірі тануға деген алғашқы қадамдарының куәсі болды. Бұл сапар қазақ жазушысына әлемнің дамыған елін өз көзімен көріп, оның жетістіктері мен өзгешеліктерін салыстырып, саралауға мүмкіндік берді.

Негізгі талдау көрсеткендей, Мұхтар Әуезов Америка мәдениетін ерекше бір ықыласпен қабылдап, оған өз халқының тұрмыс-тіршілігімен салыстыра отырып баға берген. Зерделі жазушы америкалықтардың қонақжайлығы мен өркениеттілігін көріп қуанды,

техника мен ғылымдағы жетістіктеріне тәнті болды, өнері мен табиғатына тамсанды. Сонымен қатар кей тұстарда кеңестік көзқарас тұрғысынан сын да айтты, мысалы, әлеуметтік теңсіздік немесе коммерциализация көріністеріне (қымбатшылық, моральдық құлдырау бейнелері) сын көзбен қарады. Ең маңыздысы, Әуезов бөтен елдің мәдениетін суреттегенде үнемі оны өз қазақы дүниетанымының сүзгісінен өткізді. Бұл сүзгі, алысты жақындатуға сеп болды, жазушы Америка қоғамындағы құбылыстардан қазаққа түсінікті баламалар іздеп, мәдениеттер арасындағы ортақ негіздерді табуға тырысты. Сөйтіп, очеркінде Америка мен Қазақ даласы бейне бір астасып, сөйлескендей әсер қалдырады, бұл мәдениетаралық қабылдаудың Әуезовке тән әдісі еді.

Авторлық стиль тұрғысынан, «Америка әсерлері» – Мұхтар Әуезовтің көркем тілі мен бай суреткерлік қиялының публицистика жанрындағы жарқын айғағы. Шығармада деректі оқиғалар әдеби тәсілдермен әрленіп, көркем картинаға айналып отырған. Әуезовтің теңеулері мен метафоралары очеркке ерекше реңк береді. Жазушының эмоциялық толғанысы да қаламынан анық байқалып, оқырманға әсерлі жеткізіледі – бұл очеркті жалаң ақпарат емес, жүрек тебіренер әдеби туынды деңгейіне көтереді. Сонымен бірге қаламгер факт пен қиялдың мөлшерін дәл өлшеп, шындықтан ауытқымауды бірінші орынға қойған. Нәтижесінде, «Америка әсерлері» шыншыл да шырайлы туынды болып шыққан.

Мұхтар Әуезовтің «Америка әсерлері» очеркіне жасалған бұл талдаудың қорытындысын толықтыра келе, оның қазақ әдебиетіндегі маңызы мен рухани-мәдени құндылығын бірнеше қырынан атап көрсетуге болады. Бұл туынды – жазушының жеке шығармашылық ізденісінің нәтижесі ғана емес, ұлттық әдебиеттің өркениеттік кеңістікке ену жолындағы маңызды белесі болды. Әуезов Америка өмірін бейнелеу арқылы өз халқының ой-өрісін кеңейтті, оқырманын әлемдік мәдениетті тануға жетеледі. «Америка әсерлері» – кеңестік кезеңнің идеологиялық шеңберінде жазылса да, ондағы адамзаттық, гуманистік идеялар уақыт сынынан сүрінбей өтті. Автор өз заманының саяси ахуалында шындық пен бейтараптықты сақтай білді.

Очерк жазушының ойлау мәдениетін, дүниетанымдық тереңдігін танытатын туынды ретінде бағаланады. Ол кез келген елдің даму деңгейін адамдық қасиет, рухани жетілу тұрғысынан өлшеді. Әуезовтің Америка жөніндегі байқаулары оның әлем әдебиеті мен мәдениетіне деген кең көзқарасын дәлелдейді. Жазушы американдық өркениеттің жетістіктерін көріп, қазақ қоғамының болашағына қажет тәжірибе ретінде қабылдайды. Очерктегі тіл байлығы мен стильдік өрнек жазушының көркемдік шеберлігін жаңа қырынан танытты.

Әуезовтің бұл еңбегі – мәдениеттер тоғысының әдеби көрінісі. Америка мен қазақ дүниетанымының арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстыра отырып, автор адамзаттың ортақ рухани негіздерін іздеді. Очерк жазушының публицистік ойлау қабілетінің кемелдігін көрсетті, яғни ол көркем сөз арқылы қоғамдық ой тудыра алды. Сондай-ақ, «Америка әсерлері» XX ғасырдың 60-жылдарындағы халықаралық қарым-қатынастың әдеби айнасы іспетті.

Туындыны оқу арқылы қазақ оқырманы басқа мәдениетті құрметтеуге, әртүрлі көзқарастарға төзімді болуға үйренді. Сонымен бірге шығарма тәуелсіздік дәуіріндегі жастар үшін де өзекті, себебі ол әлемді тану, өз елін әлемдік деңгейге көтеру идеяларын дәріптейді. Әуезовтің туындысы оның шығармашылық эволюциясының соңғы кезеңіндегі рухани толысуын көрсетеді, ұлттық әдебиеттің халықаралық байланысын нығайтудағы баспалдақ болды.

«Америка әсерлері» қазіргі мәдениетаралық коммуникация теориялары тұрғысынан да зерттеуге лайық еңбек. Очерк жазушының эстетикалық қағидаларының қалыптасқанын, шеберлік мектебінің биік деңгейін аңғартады. Бұл туынды қазақ публицистикасының жанрлық мүмкіндіктерін кеңейтті. Әуезовтің әрбір байқауы арқылы адам мен қоғам, мәдениет пен өркениет арақатынасы көрініс табады. Шығарманың көркемдік қуаты бүгінгі күні де оқырманды ойландырады.

«Америка әсерлері» – жазушының өмірге, өркениетке деген сүйіспеншілігінің көрінісі, өз халқын әлемдік мәдени диалогқа шақырған рухани үндеу ретінде қабылданады. Жалпы алғанда, бұл очерк – Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасының алтын қорындағы жауһар туынды, қазақ әдебиетінің әлемдік өркениетпен үндесуін паш еткен жәдігер.

Мақалада жасалған талдау «Америка әсерлері» очеркі өткен заманның естелігі ғана емес, бүгінгі күн үшін де құндылығы зор шығарма екенін көрсетті. Очеркте екі халық арасындағы алғашқы жақындасу кезеңі, мәдениеттер диалогы көрініс тапқан. Әуезов бұл диалогті адал ниет, кең көзқараспен жүргізеді.

Қорытындылай келе, Мұхтар Әуезовтің «Америка әсерлері» – қазақ әдебиетіндегі мәдениетаралық коммуникацияның асқақ үлгісі. Жазушы бұл очерк арқылы Америка өмірін қазақ оқырманына әсерлі жеткізумен қатар қазақ мәдениетінің де әлемдік кеңістікке ашық екендігін танытты. Шығармада суреттелген Америка достасуға тұрарлық, жетістігінен үйренуге лайық, өзгешелігін құрметтеуге татырлық ел. Осылайша, «Америка әсерлері» – публицистикалық очерк пішінінде жазылған әдеби-көркем туынды, ол өткен ғасырдың маңызды тарихи-мәдени кезеңін сипаттап қана қоймай, ұлт пен ұлтты өнер мен сөз арқылы жақындастыру миссиясын орындаған бағалы еңбек болып қала береді.

Демек, Әуезовтің жолжазбалары оның жазушы ретінде әлем әдебиетімен байланыс орнатудағы рөлін де айғақтайды. Сол сапарларда ол бір ұлттың ғана өкілі емес, тұтас Кеңес Одағы мәдениетінің елшісі ретінде сөз сөйлеп, жаһандық мәселелерге қаламгер көзімен қарады. Жазушының ұлт межесінен шығып, жалпыадамзаттық биікке көтерілген туындылары – қазақтың рухани қазынасын әлем өркениетімен тоғыстырған дәнекер іспетті.

Г.Пірәлінің пікірінше, М. Әуезовтің өмір жолының соңғы кезеңін биік белестермен айшықтап, сол тұстағы эстетикалық ұстанымдарын танытатын шетел сапарлары – ғылыми тұрғыдан да, рухани тағылым тұрғысынан да құнды мұра болып саналады [8, 201]. «Америка күнделігі» өз жанрына тән тарихи дерегін сақтаған, жолжазбалық міндетін өте жоғары деңгейде орындаған жұмыс» ретінде бағалайды [8, 194].

Әдебиеттанулық тұрғыдан, Мұхтар Әуезовтің сапарнама очерктері очерк жанрының көркемдік және публицистикалық әлеуетін толық ашып берген шығармалар ретінде бағаланады. Бұл туындылар жарық көрген кезінде үлкен резонанс туғызды және қазақ публицистикасында соны соқпақ салды. Бүгінде тәуелсіз Қазақстан әлемге есігін айқара ашып, өркениетті елдермен тікелей мәдени-ғылыми байланыстар орнатып отырған тұста, өткен ғасырда жазылған сол жолжазбалар қайта сараланып, жаңаша бағасын алуда. Уақыт өте келе бұл шығармалардың қадір-қасиеті кеміген жоқ, қайта ұлттық әдебиетіміздің төрінен орын алатын тағылымды туындыларға айналды. Әуезовтің жолжазбаларын оқи отырып, бүгінгі ұрпақ жазушының сөз өнеріндегі кемелдігін, ой өрісінің кеңдігін, өз дәуірінің шеңберінен озып, әлемдік өреге құлаш сермеген парасатын тереңірек түсінері хақ.

«Америка әсерлері» очеркі жанрлық табиғаты тұрғысынан да, мазмұндық тұрғысынан да публицистиканың озық үлгісі қатарына қосылғаны анық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
- 2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Мәтін]: он бес томдық; құраст.: А. Үдербаев [ж. б.]; жалпы ред. басқ.: А. Ысқақов, Н. Уәли; ред. алқасы: С. Бизақов [ж.б.]; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі; А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – 12-т. – 3000 дана. – ISBN 9965-893-53-5.
- 3 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том / Құраст.: Қ. Күдерінова, О. Жұбаева, М. Жолшаева және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
- 4 Mukasheva M.K. Teaching M. Auezov's Epic Novel 'The Way of Abai' at School // Cultural and Historical Heritage: Preservation, Presentation, Digitalization (KIN Journal). – 2023. – Vol. 9, №1. – P. 24-36. DOI: <https://doi.org/10.55630/KINJ.2023.090102>

- 5 Әуезов М.О. Америка әсерлері = Impressions of America: арнайы шығарылым / құраст.: Д. Кин, Г. Пірәлі, Д. Қонаев. – Алматы: Service Press, 2021. – 318 б.
- 6 Әбіш М. Америка Әуезов көзімен // Егемен Қазақстан. – 2022. – 2 ақпан.
- 7 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2010. – 38-том: Мақалалар, очерктер, жолжазбалар, зерттеу. 1959–1960. – 408 б.
- 8 Пірәлі Г. Қазіргі Мұхтартану: 1-кітап. – Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 320 б.
- 9 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 34-т. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2008. – 416 б.
- 10 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2010. – 36-том: Мақалалар, күнделік. 1956–1958. – 408 б.
- 11 Шындалиева М. Публицистика жанрлары мен пішіндері [Электрондық ресурс]: оқу құралы. – Астана: ЕҰУ АББ, 2012. – 325 б.
- 12 Kuchshanova A.N., Kushkimbayeva A.S., Akchambayeva S.T., Bostekova A.R., Mirov M.O. Linguacultural and cognitive images of characters in Mukhtar Auezov's literary works // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2025. – Vol. 11, №1. – P. 129-138.
- 13 Мәдібаева Қ. Америка ашқан жолжазба // Qojalar.kz. – 19.08.2022. – URL: <https://kozhalar.kz/202210528-amerika-ashqan-zholzhazba> (қаралған күні: 11.09.2025).
- 14 Issayeva Z., Aitimbetova F. National Spiritual and Humanitarian Issues in the Works of Mukhtar Auezov // Euroasia Journal of Social Sciences & Humanities. – 2024. – Vol. 11, №37. – P. 6–11. DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.11212684>
- 15 Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.

Материал 01.10.2025 баспаға түсті

Анализ очерка М. Әуезова «Американские впечатления» с точки зрения опыта межкультурного познания

*Ж. Б. Адильбекова¹, А. А. Усен¹, М. Арслан², А. Жумабекқызы¹

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, 010000, Казахстан

²Университет Памуккале, Денизли, 20980, Турция

В статье всесторонне анализируется жанрово-содержательная специфика путевого очерка «Американские впечатления», написанного выдающимся писателем нашего народа Мухтаром Ауэзовым по итогам его поездки в Соединённые Штаты Америки в 1960 году. Рассматриваются историко-культурный контекст времени, значение поездки в США. Подчеркивается публицистический характер очерка, мастерство писателя в сохранении баланса между документальностью и художественностью. Отражается восприятие Ауэзовым американской культуры, сопоставление её с ценностями казахского народа на основе конкретных эпизодов и примеров. Актуальность исследования заключается в рассмотрении межкультурного восприятия М.О. Ауэзова в связи с диалогическими процессами современной литературоведения. Через анализ очерка «Американские впечатления» выявляется гражданская позиция Мухтара Ауэзова, стремившегося постичь жизнь другой страны с точки зрения национального мировосприятия и найти общечеловеческие ценности, объединяющие два народа.

В процессе исследования очерк рассматривается в аспекте его публицистических особенностей и авторского стиля Ауэзова в контексте историко-культурной ситуации. Также делаются выводы о значении межкультурного восприятия в очерке «Американские впечатления» и художественной своеобразии, характерном для пера Ауэзова. Новизна исследования состоит в том, что произведение оценивается не как простая путевая заметка, а как образец публицистического и межкультурного размышления. В результате анализа определяется гармония документальности и художественности очерка, а также

мастерство писателя в оценке мировой цивилизации с национальной позиции и его стремление к культурному синтезу.

Ключевые слова: Мухтар Ауэзов, «Американские впечатления», путевой очерк, публицистика, межкультурная коммуникация, авторский стиль, исторический контекст.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Кабдолов З. Искусство слова. – Алматы: Санат, 2002. – 360 с.
- 2 Словарь казахского литературного языка: в пятнадцати томах; сост. А. Удербасов [и др.]; под общ. ред. А. Ыскакова, Н. Уали; ред. коллегия: С. Бизаков [и др.]; Министерство образования и науки Республики Казахстан; Институт языкознания им. А. Байтурсынова. – Алматы: Казахская энциклопедия, 2010. – Т. 12. – 3000 экз. – ISBN 9965-893-53-5.
- 3 Словарь казахского литературного языка. В пятнадцати томах. Т. 8 / сост. К. Кудеринова, О. Жубаева, М. Жолшаева и др. – Алматы, 2011. – 744 с.
- 4 Mukasheva M.K. Teaching M. Auezov's Epic Novel 'The Way of Abai' at School // Cultural and Historical Heritage: Preservation, Presentation, Digitalization (KIN Journal). – 2023. – Vol. 9, №1. – P. 24–36. DOI: <https://doi.org/10.55630/KINJ.2023.090102>
- 5 Ауэзов М.О. Американские впечатления = Impressions of America: специальное издание / сост. Д. Кин, Г. Пирали, Д. Кунаев. – Алматы: Service Press, 2021. – 318 с.
- 6 Абиш М. Америка глазами Ауэзова // Егемен Казахстан. – 2022. – 2 февраля.
- 7 Ауэзов М. Полное собрание сочинений в пятидесяти томах. – Алматы: «Дәуір», «Жибек жолы», 2010. – Т. 38: Статьи, очерки, путевые заметки, исследования. 1959–1960. – 408 с.
- 8 Пирали Г. Современное ауэзововедение: книга 1. – Алматы: Изд-во «Елтаным», 2014. – 320 с.
- 9 Ауэзов М. Полное собрание сочинений в пятидесяти томах. Т. 34. – Алматы: Издательский дом «Жибек жолы», 2008. – 416 с.
- 10 Ауэзов М. Полное собрание сочинений в пятидесяти томах. – Алматы: «Дәуір», «Жибек жолы», 2010. – Т. 36: Статьи, дневники. 1956–1958. – 408 с.
- 11 Шындалиева М. Жанры и формы публицистики [Электронный ресурс]: учебное пособие. – Астана: ЕНУ АББ, 2012. – 325 с.
- 12 Kuchshanova A.N., Kushkimbayeva A.S., Akchambayeva S.T., Bostekova A.R., Mirov M.O. Linguacultural and cognitive images of characters in Mukhtar Auezov's literary works // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2025. – Vol. 11, №1. – P. 129–138.
- 13 Мадиебаева К. Путевые заметки, открывшие Америку // Qojalar.kz. – 19.08.2022. – URL: <https://kojalar.kz/202210528-amerika-ashqan-zholzhazba> (дата обращения: 11.09.2025).
- 14 Issayeva Z., Aitimbetova F. National Spiritual and Humanitarian Issues in the Works of Mukhtar Auezov // Euroasia Journal of Social Sciences & Humanities. – 2024. – Vol. 11, №37. – P. 6–11. DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.11212684>
- 15 Есембеков Т.О. Теория художественного текста: учебное пособие. – Алматы: Казахский университет, 2015. – 186 с.

Материал поступил в редакцию журнала 01.10.2025

An analysis of M. Auezov's essay «Impressions of America» from the perspective of intercultural perception

*Zh. Adilbekova¹, A. Usen¹, M. Arslan², A. Zhumabekkyzy¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Kazakhstan

²Pamukkale University, Denizli, 20980, Turkey

This article provides a comprehensive analysis of the travel essay Impressions of America, written by the great Kazakh writer Mukhtar Auezov based on his 1960 visit to the United States of America. The study examines the historical and cultural context of the period and the significance

of Auezov's trip to the US. The essay's journalistic features are highlighted, along with the writer's mastery in maintaining a balance between factual accuracy and artistic expression. Auezov's reception of American culture and his comparison with Kazakh cultural values are illustrated through specific episodes and examples. The relevance of this research lies in its exploration of M.O. Auezov's intercultural perception within the framework of dialogic processes in contemporary literary studies. Through the analysis of Impressions of America, Auezov's civic stance becomes clear: he sought to comprehend another nation's life from the perspective of his own cultural worldview and to discover shared universal human values between the two peoples.

The research explores both the journalistic qualities of the essay genre and Auezov's distinctive authorial style within its historical-cultural framework. It also draws conclusions about the significance of intercultural perception in Impressions of America and the artistic features characteristic of Auezov's prose. The novelty of this study lies in evaluating the work not as a simple travelogue, but as a powerful example of intercultural reflection with strong journalistic potential. The findings reveal the essay's harmony of historical factuality and artistry, as well as the writer's skill in evaluating world civilization from a national standpoint and his aspiration toward cultural synthesis.

Key words: Mukhtar Auezov, Impressions of America, travel essay, journalism, intercultural communication, authorial style, historical context.

REFERENCES

- 1 Kabdolov Z. Soz oneri [The art of the word] (Almaty: Sanat, 2002). [in Kazakh].
- 2 Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]: in fifteen volumes; comp. by A. Uderbayev et al.; ed. by A. Ysraqov, N. Uali; editorial board: S. Bizakov et al.; Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan; Institute of Linguistics named after A. Baitursynov (Almaty: Kazakh Encyclopedia, 2010), vol. 12, 3000 copies. ISBN 9965-893-53-5. [in Kazakh].
- 3 Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]: in fifteen volumes, vol. 8; comp. by K. Kuderinova, O. Zhubayeva, M. Zholshayeva et al. (Almaty, 2011). [in Kazakh].
- 4 Mukasheva M.K. Teaching M. Auezov's Epic Novel 'The Way of Abai' at School, Cultural and Historical Heritage: Preservation, Presentation, Digitalization (KIN Journal), 9 (1), 24–36 (2023). DOI: <https://doi.org/10.55630/KINJ.2023.090102>.
- 5 Auezov M.O. Amerika aserleri = Impressions of America: arnaiy shygarylym [Impressions of America: special edition], comp. by D. Keene, G. Pirali, D. Kunaev (Almaty: Service Press, 2021). [in Kazakh].
- 6 Abish M. Amerika Auezov kozimen [America through the eyes of Auezov], Egemen Kazakhstan, 2 February (2022). [in Kazakh].
- 7 Auezov M. Shygarmalarynyn elu tomdyq tolyq zhinagy [Complete works in fifty volumes], vol. 38: Articles, essays, travel notes, research, 1959–1960 (Almaty: Daur, Zhibek Zholy, 2010). [in Kazakh].
- 8 Pirali G. Kazirgi Muhtartanu: 1-kitap [Modern Auezov Studies: Book 1] (Almaty: Eltany, 2014). [in Kazakh].
- 9 Auezov M. Shygarmalarynyn elu tomdyq tolyq zhinagy [Complete works in fifty volumes], vol. 34 (Almaty: Zhibek Zholy Publishing House, 2008). [in Kazakh].
- 10 Auezov M. Shygarmalarynyn elu tomdyq tolyq zhinagy [Complete works in fifty volumes], vol. 36: Articles, diaries, 1956–1958 (Almaty: Daur, Zhibek Zholy, 2010). [in Kazakh].
- 11 Shyndaliev M. Publitsistika zhanrlary men pishinderi: oku kuraly [Genres and forms of publicism: textbook] [Electronic resource] (Astana: ENU ABB, 2012). [in Kazakh].
- 12 Kuchshanova A.N., Kushkimbayeva A.S., Akchambayeva S.T., Bostekova A.R., Mirov M.O. Linguacultural and cognitive images of characters in Mukhtar Auezov's literary works, Eurasian Journal of Applied Linguistics, 11 (1), 129–138 (2025).

13 Madibaeva K. Amerika ashqan zholzhazba [Travel notes discovering America], Qojalar.kz, 19.08.2022. Available at: <https://kozhalar.kz/202210528-amerika-ashqan-zholzhazba> (accessed 11.09.2025). [in Kazakh].

14 Issayeva Z., Aitimbetova F. National Spiritual and Humanitarian Issues in the Works of Mukhtar Auezov, Euroasia Journal of Social Sciences & Humanities, 11 (37), 6–11 (2024). DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.11212684>.

15 Yesembekov T.O. Korkem matin teoriyasy: oku kuraly [Theory of artistic text: textbook] (Almaty: Kazakh University, 2015). [in Kazakh].

Received: 01.10.2025

MFTAP 17.82.10

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss4pp166-177](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss4pp166-177)

*L. Abikenova¹, G. Abikenova¹, K. Tulebayeva¹

¹Alikhan Bokeikhan University, 071410, Semey, Republic of Kazakhstan

ABOUT SHAKARIM KUDAIBERDIEV'S WORK «THE GENEALOGY OF THE TURKS, KYRGYZ-KAZAKH AND THEIR KHANS»

Shakarim Kudaiberdiuly's work «The Genealogy of Turks, Kyrgyz, Kazakh and their Khans» explores not only the origin and history of these peoples but also their worldview, way of life, and culture. In contemporary scholarship, there is an increasing need to reassess national values and reinterpret literary and historical heritage. Accordingly, Shakarim's genealogy is significant not only as a historical document but also as a reflection of national consciousness and spiritual continuity.

This article examines the work from a literary-hermeneutical perspective, aiming to determine its literary and cognitive value by analyzing manifestations of national knowledge, historical data, and spiritual continuity. The study employs methods such as systematization, synthesis, comparison, interpretation, literary hermeneutics, and philosophical and logical analysis.

The analysis focuses on Shakarim's purpose in writing the genealogy, his historical and philosophical views, and his intention to affirm national identity through the text's structure and content. The study also considers the artistic and literary features of the work in relation to the author's perspective.

The results contribute to theoretical discussions in the history of Kazakh literature, literary studies, and Shakarim studies. They can inform research on Shakarim's works and serve as a basis for lectures and textbooks in courses such as History of Kazakh Literature and Shakarim Studies. The study highlights Shakarim's spiritual identity as a thinker who harmonized East and West, religion and science, and history and literature.

Key words: literary hermeneutics, literature, chronicler, chronicler, source scientist, folklore, legend, interpretation.

MAIN PROVISIONS

Shakarim Kudaiberdiev, who left his own mark in the history and culture of the Kazakh people, lived in the second half of the 19th century and the beginning of the 20th century, continued the tradition of the great Abay school, and left an inexhaustible rich cultural heritage to the next generation, was a well-known humanist poet, thinker, historian-chronologist, educator, scholar. The poet, who was born in the 19th century, showed his entire conscious life in the last three decades of the 20th century, and left behind a rich and comprehensive spiritual heritage for the next generation, was a unique phenomenon of his time. We can see from his works that Shakarim Kudaiberdiuly